

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК КООПЕРАТИВТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

А. М. Қазамбаева, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
З. И. Шналиева, ізденуші

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылық саласында қалыптасқан өндірістік кооперативтің қазіргі жағдайы қарастырылған. Сонымен қатар өндірістік кооперативтің ауыл шаруашылық саласы үшін артықшылықтары мен даму бағыттары талданған.

В статье рассмотрено современное состояние производственных кооперативов сельскохозяйственной отрасли Западно-Казахстанской области. А также проанализированы преимущества и перспективные направления сельскохозяйственных производственных кооперативов.

Modern condition of productive cooperatives of agricultural branch of West Kazakhstan region was considered in the article. Advantages and perspective directions of agricultural productive cooperatives were analysed as well.

Батыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін айтарлықтай табиғи, өндірістік және еңбек ресурстарына ие. Батыс Қазақстандағы агроөндірістік кешен орасан зор табиғи мүмкіндіктерге ие облыстардың бірі. Көлемді территория, әр түрлі климаттық жағдайлар облыста өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығының дамуына мүмкіндіктер туғызады. Оның жалпы жерінің қоры 15133,9 мың гектар құрайды, ондағы 13907,3 мың гектарды ауыл шаруашылығына пайдалынатын жерлер, соның ішінде жайылымдар (өріс) – 11025,6 мың, шабындық – 1226,4, егіндік – 580, тыңайған жер – 1202, жерді ұдайы суару – 56, көлтабандар (лиман) – 256 алып жатыр.

2008 жылы облыста 4564 агроқұрылымдар есептелген, соның ішіндегі 4379 – шаруа қожалығы, 184 – ауыл шаруашылық кәсіпорыны (жеке меншіктің барлық түрлері), 1 – мемлекеттік кәсіпорын. Мұнда барлығы 39 мың адам жұмыс жасайды. Одан басқа, ауыл шаруашылық өнімдерімен 103 мың жеке (дара) қосымша шаруашылық айналысады.

Шаруашылықтардың ұйымдық-құқықтық ішіндегі үлесі үстем болып жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен дербес шаруашылықтар, яғни ауылшаруашылығындағы тауарөндірушілердің көпшілігі жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық меншік формасын таңдаған. Алайда бұл ұйымдық-құқықтық меншік формасы нарықта кәсіпорынның тұрақты дамуына кепіл болмайды, сонымен қатар кәсіпкерлік саланың кішкене масштабында бұл үлес салыстыру үшін

ғана қолданады. Аграрлық сектордағы кәсіпорынның ең жақсы ұйымдық-құқықтық формасы – ауыл шаруашылық өндірісінің ерекшеліктерінің бәріне жауап беретін ауыл шаруашылықтық өндірістік кооператив болып табылады. Осы өндірістік кооперативте қызметкердің және жекеменшік иесінің бір адам (тұлға) атынан толығымен бірігу болып, сол уақытта ірі өндіріс мүмкіндігі пайда болады. Дегенмен бір «бірақ» бар – ол кооперативтен еркін шығу мүмкіндігімен байланысты бұл форма ірі масштабты өндіріс тұрақтылығын қамтамасыз етпейді.

Көпшілігі, және еш негізсіз, тек кооперативте оның әр мүшесін жеткілікті жоғарғы деңгейде экономикалық қорғау бар деп есептейді. Біз кооперативтік идеялардың мәңгілік екеніне сенімдіміз: ол экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан тиімді [1].

Бірінші этаптағы нарықтық байланысқа көшу көбіне осы өндірістік кооперативтермен байланысты, халықтық тұтынудың тауар өндірісінің өсуіне және қызмет көрсетудің кеңеюіне, экономиканың жаңа бағытқа қайтадан қалыптасуына мүмкіндік туғызатыны жалпыға мәлім. Алайда әрі қарай кәсіпкерліктің бұл формасы ұмыт қалады. Оның арасында өндірістік кооператив ұйымдық-құқықтық форма ретінде акционерлік қоғам және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер алдында өзінің артықшылығына ие, соңғы уақыттардағы кәсіпкерлік қызметі тұрақталған кәсіпкерлер осындай тұжырым жасайды.

Біріншіден, кооператив заңды тұлға қызметіндегі өзінің мүшелерінің жеке еңбекке қатысуын, сол кездегі акционерлік қоғам және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қатысушылары ретінде заңды тұлғаның жарғылық қорына салым салса жеткілікті, яғни заңды тұлға қызметіне қатысу бойынша кіріс алу кооперативтік форма мағынасында әділрек болып табылады. Екіншіден, егер заңды тұлғаның акционерлік қоғам және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қатысушысы оның міндеттері бойынша тек өзінің жарғылық қорының салымдары бойынша жауап берсе, онда кооператив мүшесі қосымша жауапкершілік алады, заңды тұлға ретінде кооперативтің төлем қабілеттілігіне кепілді күшейтумен қатар, кооператив мүшесінің оның қызметінің тиімділігінің жеке құштарлық (ынтасын) деңгейін арттырады. Соңында, қазіргі уақытта бізге анық жетпейтін экономикалық қарым-қатынастың тұрақтылығына мүмкіндік туғызады.

Жалпы мынаны ескеру керек, өндірістік кооператив түсінігі элементтерден және нақты айқындылық, шарттылықтан тұрады, сондай-ақ ол өзіне тек таза өндірістік қызметтерді ғана байланыстырмайды, яғни басқа да ұдайы өндірістік процестерді кірістіреді [2].

Ауыл шаруашылықтық өндірістік кооператив қалыптасып болған жер үлесінің және басқа да мүлік, меншік иесі мүшелерінің бірігуі, тек жер және мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді, жеке дақылдарды егуді немесе кейбір мал түрлерін өсіруді (жетілдіру) толығымен мамандануды жүзеге асырушы ретінде көз алдымызға елестетуге болады. Осындай бағыттағы ұстанымдарынан мыналар ескеріледі, өндірістік кооперативтің барлық қызметтері өндіріс шеңберінен шықпайды: қоймаға астықты жинау, ал өнімнің әрі қарай қозғалысын ауыл шаруашылық кооперативтерінің басқа түрлері жүзеге асырады: дайындаушы, сатушы (өткізуші), қайта өңдеуші, саудалық және т. б. [3].

Алайда кооператив қызметінің тәжірибелік мәні және барлық кооперацияның ауыл шаруашылық жүйесі күрделі және көпжақты, оның жеке түрлері өз араларында тығыз байланысқан. Осындай кооператив ережесі болып тікелей ауыл шаруашылық өндірісін қалыптастыру, материалды-техникалық жабдықтау, сервистік қызмет көрсету, қайта өңдеу және т. б., сауданы қоса алғанда процесс масштабы бойынша көп үйлесімділігі табылады [4].

Нарыққа көшумен байланысты біздің облыста ауыл шаруашылығында түбегейлі өзгерістер болды: совхоздар шаруашылықтың жаңа формасына сай қайтадан құрылды, соның ішіндегі ауыл шаруашылықтық өндірістік кооперативтер 1,3 %, акционерлік қоғамдар – 0,3 %, серіктестіктер – 6,7 %, шаруа (фермерлік) қожалықтары – 90,6 % құрайды. Шаруашылық жүргізудің жаңа формасына көп үміттер жүктелді. Осылар өндірісті дамытудың экономикалық ынтасын күшейтеді, көп жақты экономиканы қамтамасыз етеді, ауыл шаруашылық кәсіпорындардың дербестігін арттырады. Реформаны жүргізу кезінде меншік иесінің ауысуы және ұсақ тауар өндірісін ұйымдастыру өнім шығаруды өсіруге мүмкіндік беріп, ауыл шаруашылығының тімділігін арттырады деп болжамдауға мүмкіндік береді.

2004-2008 жылдардың талдау кезеңіндегі ағымында қайтадан өңдеу саласында облыста ауыл шаруашылық кәсіпорынының басқа ұйымдық-құқықтық формасы дамыды.

Облыста ауыл шаруашылық өндірісімен шаруашылықтың келесідей ұйымдық-құқықтық формасы айналысады: акционерлік қоғам, өндірістік кооперативтер, серіктестіктер, шаруа (фермерлік) қожалықтары, мемлекеттік кәсіпорындар. Облыста жалпы 2006-2008 жылдар аралығында агроқұрылымның өсу тенденциясының саны 4,1% өзгеріс байқалды (кесте 1). Бұл, ең алдымен шаруа (фермерлік) қожалықтарының өсу санына байланысты.

1-Кесте – Батыс Қазақстан облысында агроқұрылымның динамикасы мен құрылымы

Субъектілердің ұйымдық-құқықтық нысандар	2006 ж		2007 ж		2008 ж		2008 жылдың 2006 жылға %
	сан	қорытынды, % түрінде	сан	қорытынды, % түрінде	сан	қорытынды, % түрінде	қорытынды, % түрінде
Ауыл шаруашылығының құрылымы барлығы	4561	100	4604	100	4604	100	101
соның ішінде: өндірістік кооперативтер	25	0,5	11	0,2	11	0,2	44
серіктестіктер	256	5,4	211	4,6	211	4,6	82,4
акционерлік қоғамдар	1	0,02	1	0,02	1	0,02	100
шаруа (фермерлік) қожалықтары	4279	93,8	4344	94,3	4344	94,3	101
басқа да ауыл шаруашылығының құрылымы	35	0,8	37	0,8	37	0,8	105

Талдау жасалған кезең бойынша динамикада облыста өндірістік кооперативтің тез төмендеу санының тенденциясы байқалады 2006 ж 25-тен 2008 ж. 11-ге дейін немесе 74,4 % кеміген, сондай-ақ акционерлік қоғамдар 2008 жылдың 1 бірлігіне ие болып отыр. Бұл жағдай ұйымдық-құқықтық нысандардың басқа нысандарға қайтадан құрылуымен байланысты.

Соңғы жылдары жауапкершілігі шектеулі серіктестердің төмендеу санының тенденциясы назарда. Егер олардың саны бастапқы талдау кезеңінде 256 бірлікті құраса, онда соңында – 211 бірлікті құраған, 24,4 %-ға.

Облыста ауыл шаруашылығындағы агроқұрылымының барлық түрінен өсу мөлшерінің тұрақты тенденциясына ие – бұл шаруа (фермерлік) қожалықтары. Егер бастапқы талдау кезеңінде олардың саны 4055 бірлікті құраса, онда соңында – 4344

бірлікті немесе 7,0 % құрайды. Осы шаруа (фермерлік) қожалықтарының ұлғаюы қарастырылып отырған кезең бойынша облыста агроқұрылым санының өсуімен байланысты.

2008 ж. шаруа (фермерлік) қожалықтарының үлесі 94 %, серіктестіктер үлесіне – 4,6 %, өндірістік кооперативтерге – 0,2 % екенін көруге болады.

Қазіргі кезеңде республикада ауыл шаруашылығын дамытуда кооперацияның классикалық формасын құру үшін қолайлы экономикалық және әлеуметтік жағдайлар жасалған.

Әлемдік және отандық кооперация теориясын зерттегенде (оқығанда) ауыл шаруашылық кооперациясының барлық жүйесінің негізі болып қайта жаңаруы қалыптасуда.

Құрылған өндірістік мүмкіндіктер мен жергілікті ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында ауылшаруашылық кооперациясын дамытуды ұсынамыз, бұл шаруа (фермерлік) қожалықтары үшін тиімді болуы мүмкін.

Тік кооперация капиталмен бірігу негізінде немесе еңбек пен капиталдың өзге түрлерінің шаруашылық жүргізу формасы ауыл шаруашылық өнімдерін, қайта өңдеу, оның бірыңғай технологиялық қызметін жүзеге асыру бойынша өндірісті дамыту үшін қаржылық ресурстарды біріктіреді.

Осындай жолмен, біріншіден, кооперация ұдайы өндіріс процесінде тиімді болуы мүмкін, яғни өндірісте, өнімдерді тасымалдауда, оны қайта өңдеу мен сақтауда, материалды-техникалық қамтамасыз ету және қызмет көрсету, қаржыландыру және несиелендіру, сондай-ақ әлеуметтік сұрақтарды шешкен кезде тиімді болады деп ойлаймыз. Екіншіден, кооперация қатысушылардың ұдайы өндірістік процесін қалыптастырудың негізгі субъектісі бола алады, соның ішінде ұжымдық және дербес материалдық өндіріс пен салалардың барлық сфераларын түгелдей қамти алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбділдин, С. Агробизнесісті ұйымдастыру / С. Әбділдин. – Алматы. – 2001. – 51-52 б.
2. Петранева, Г. А. Экономика и управление в сельском хозяйстве / Г. А. Петранева – М: Издательский центр «Академия». – 2003. – 151-153 с.
3. Шутьков, А. Управление и аграрная политика / А. Шутьков. // АПК: экономика, управление. – 2000. – №9 – 49-50 б.
4. Шарипов, С. А. Развитие регионального АПК на основе государственной программы / С. А. Шарипов. // Достижения науки и техники АПК – 2008 – №11. – 15-16 б.